

ӘОЖ:811.111.373.45

ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕР ҰҒЫМЫ

Қаламбай Ақниет Қаламбайқызы

Камзина Айнұра Бейбитовна

a.k.kalambay@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 2 курс магистранттары, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі — Мұратова Г.Ә.

Көркем шығармалардан өз ұлтымыздың ұлттық ділін, мәдениетін және өмір салтын нақыштайтын ұғымдарды кездестіруге болады. Әдетте бұл ұғымдар халықтың белгілі бір замандағы өмір сүру тарихымен тығыз байланыста болады және сол заманның көрінісін бейнелейтін бірліктер. Оларды ғылым саласында лингвомәдени бірліктер немесе лингвокультуремалар деп атайды. Бұл сөздер орасан зор мағынаға ие, яғни бір жағынан олар жалпы тіл бірліктері болса, ал екінші жағынан тіл мен мәдениеттің өзара арақатынасынан туындаған. Лингвомәдени бірліктер лингвомәдениеттану саласының негізгі құраушы бөліктері болып табылады. Өз кезегінде лингвомәдениеттану ғылымы лингвистика және мәдениеттану салаларының түйіскен жерінде пайда болған сала. XX-ға дейін тіл қарым-қатынас құралы ретінде қарастырылып келді, кейінірек сол ғасырдың соңында сөздіктерде

тіл мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде жаңа мәнге ие болды. Бұл лингвомәдениеттанудың негізгі мазмұнын тіл-мәдениетті қалыптастырды.

Тілдің, мәдениеттің, этностың арақатынасы туралы мәселе философия, этнолингвистика және лингвомәдениеттанудан бастап, бірнеше ғылымдардың көмегімен шешілетін мәселе. Ал лингвомәдениеттану этнолингвистика, әлеуметтік лингвистика, лингвоөлкетанумен қатар мәдениеттану, этнография сияқты лингвистикалық емес ғылымдармен тығыз байланысты. Егер мәдениеттану адамның табиғат пен қоғамға, тарих және өнерге, оның әлеуметтік-мәдени өмірінің басқа жақтарына қатысты болмысын зерттесе, тіл білімі тілге жалғанған әлемнің тілдік бейнесінің ментальды моделі арқылы ұсынылатын дүниетанымды зерттейді. Ал лингвомәдениеттану өзара байланысқан тіл мен мәдениетті өз пәні етеді. Мысалы, этникалық тілдік ойлау мәселелері лингвистикалық философияның зерттеу объектісі болып табылады; ал психоллингвистика тілдік аспектідегі әлеуметтік, этникалық топтардағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін зерттейді. Қазіргі ғылымның даму ерекшелігі пәнаралық, салааралық ғылыми бағыттардың қарқынды дамуы. Тіл - көп қырлы құбылыс, сондықтан оны әртүрлі ғылымдар әр түрлі жағынан қарастыруы қалыпты жағдай. Тілдің ішкі құрылымын, оның дүниетанымдық мәнін ашу үшін тіл білімі ғылымымен байланысты зерттеулерді қарастырған жеткіліксіз. Тілді психологиялық, логикалық, әлеуметтік және ұлттық өзін-өзі тану тұрғысынан зерттеу керек.

Лингвомәдениеттану ғылымның жеке саласы ретінде «лингвомәдени бірлік», «мәдениет тілі», «мәдени мәтін», «мәдениет контексті», «субмәдениет», «лингвомәдени парадигма», «мәдениеттің прецедентті атаулары», «мәдениеттің негізгі ұғымдары», «мәдени әмбебаптар», «мәдени мұра», «мәдени дәстүрлер», «мәдени процесс», «мәдени нормалар» сияқты ұғымдардың пайда болуына ықпал етті.

В.В.Воробьев лингвомәдени бірлікті тілдік мағына мен мәдени мазмұн тұтастығынан тұратын құрама деңгейаралық бірлік ретінде қарастырады[1].

Л.Г.Веденина лингвомәдени бірліктерге басқа лингвомәдениет өкілдерінде басқаша түрде болатын немесе болмайтын белгілі бір лингвомәдени қоғамның түсініктердің, концепттердің және заттардың атауларын жатқызады[2].

А.С.Маслованың түсінігінде лингвомәдени бірліктер мәдениетте символдық, эталондық, бейнелі және метафоралық мағынаға ие болған және мифтерде, аңыздарда, салт жораларда, әдет-ғұрыптарда, фольклорлық және діни дискурстарда және т.б. жазылған адам санасының нәтижелерін жиынтықтайтын тілдік бірліктер болып табылады.

- 1) баламасыз лексика мен лакуналар,
- 2) мифологиялық тілдік бірліктер: мәдениеттің әдет-ғұрып мен рәсімдік формалары, аңыздар, салт-дәстүрлер, тілде бекітілген сенімдер,
- 3) паремиологиялық қор,
- 4) эталондар, стереотиптер, символдар, салт жоралар,
- 5) бейнелер
- 6) тілдердің стилистикалық құрылымы;
- 7) сөйлеу мінез-құлқы
- 8) дін мен тілдің өзара байланысы,
- 9) сөйлеу этикетінің саласы[3].

Әлемнің тілдік бейнесі ұлттық мәдени кеңістікпен тығыз байланыста өмір сүреді, бұл «адам санасындағы мәдениеттің өмір сүру формасы». Әлемнің тілдік бейне шегінде әрбір концепт мәдени мәнге ие және концептуалды талдау арқылы халықтың мәдениеті туралы түсінік алуға болады. Әлемнің ұлттық концептуалды бейнесін түсіну секілді, халықтың мәдениетін зерттеу концепттерді таныстыратын лингвомәдени бірліктер арқылы жүзеге асырылады. Лексикалық және семантикалық мағынасы бар сөзден лингвомәдени бірліктің айырмашылығы тілдік бірліктермен қоса, мәдени сегменттерді қамтиды.

Сөздердің мәдениетке енуі олардың тілдік және тілден тыс семантикасын толықтай ашылуын білдіреді, мәдени құндылықтардың мәніне терең ұғынуға көмектеседі және де олардың ұлттық ерекшеліктерін түсіну. Лингвомәдени бірліктің құрылымы нақты тілдік

бірліктерге қарағанда күрделірек. Лингвомәдени бірлік өзіне тілдік бейнені («ойлау формасы»), сондай-ақ онымен тығыз және ажырамас байланысты «тілден тыс, мәдени орта» (жағдай, реалия), тұрақты ассоциациялар желісін жинақтайды. Сондықтан сөз – сигнал сияқты тілді білетін адамда ерекше мәдени қарым-қатынасты еріксіз оятады. Мұндай байланыс «адресанттың саналы түрде адресатқа белгілі бір затты жеткізуімен, ал оның саналы дайындықпен «сигналдар» - белгілер көмегімен іске асатын хабарды қабылдауымен анықталады[4].

Мәдениеттердің өзара сіңісуінде аударма ісі үлкен орын алады. Аударма өзге ұлт мәдениетімен танысу процесін жүзеге асырады және оны қабылдауға жеңіл етеді. Лингвомәдени бірліктерді аудару аудармадағы өзекті мәселелердің бірі. Ұлттардың мәдени және рухани айырмашылықтары лингвокультуремалардан байқалады және аударма барысында басқа мәдениет туралы көрініс жасауға мүмкіндік береді.

Лингвомәдени бірліктер вербальды және вербальды емес негізде кездесуі мүмкін. Вербальды емес түрге өнер туындылары сурет, ескерткіш, сәулет ғимаратын жатқызуға болады. Ауызша сөйлеуде халықтың мінез-құлқында және ауызша қарым-қатынасынан байқалады. Вербальды түрде ауызша немесе жазбаша мәтін ретінде, сөйлеу элементі (сөз, сөз бөлігі) немесе тіл элементі (фразеологизм, сөз тіркесі, сөз,) келеді. Лингвомәдени бірлік ұғымдық мағынасы белгілі бір лингвомәдениет туралы ақпарат беретін сөзбен(сөз тіркесімен) немесе толық мәтінмен берілуі мүмкін.

Мәтіннің ұлттық мәдени ерекшелігі лингвомәдени бірліктер арқылы жүзеге асады. Ұлттық мәдени семантикасы бар лингвомәдени бірліктер тобына халық даналығын жинақтаған баламасыз лексика, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, афористика, лақуналар мен реалиялар кіреді.

Берілген бірліктерді аударудағы негізгі қиындықтар келесідей: аударылып жатқан тілде қажетті баламаның, яғни сәйкестіктің болмауы және сонымен бірге сол тілде сөйлеушілерге сөздің мағынасын, ұлттық және тарихи колоритін (бояуын) жеткізу. Аудармашы жалпы теориялық білімі және тілді меңгеруіне қарай, аялық білімі, тәжірибесі мен ішкі түйсігіне сүйене отырып, ең алдымен мәнмәтіндік шарттарға байланысты аударманың ең сәйкес түрін таңдайды.

Қорытындылай келе, лингвомәдениеттану тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттейтін күрделі ғылыми сала, ал лингвомәдени бірліктер – ұлттық колорит пен маңызға ие лингвомәдениеттанудың құраушы бөлігі. Олардың қазақ халқының ұлттық менталитетін және болмысын бейнелейтін көркем шығармаларда шетелдік оқырманға аударма барысында өз ұлттық сипатын жоғалтып алмай жеткізілуі аса маңызды болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Воробьев В.В. Лингвокультурология (теория и методы): монография - 1997.
2. Веденина Л.Г. Теория межкультурной коммуникации и значение слова // Иностранные языки в школе – 1997, №3, с. 72-76, 110.
3. Маслова В. А. Лингвистический анализ экспрессивности художественного текста – 1997, с.12.
4. Воробьев В.В. Лингвокультурология (теория и методы): монография - 1997.